

Баителиева Алия Сеиткасымовна

Қызылорда облысы, Шиелі аудандық жалпы орта білім беретін кешкі мектептің оқу ісі меңгерушісі, Қазақ тілі мен әдебиеті магистрі

Білім мазмұнын жаңарту аясындағы үштілділіктің маңызы

Қоғам үдерісі өзгерістерге ұшыраған сайын педагогикалық жүйе де өзгертулерді қажет етеді. Экономикасы дамыған елдердің білім беру жүйесінде реформа орташа есеппен алғанда әр он жыл сайын жүргізілетінін әлемдік тәжірибеден көруге болады. Қоғамды ілгерілетуші негізгі қадамдардың басымдығында білім беру саласында жаңа стратегиялар және педагогикалық технологияларды енгізу арқылы жетістікке жету көздері қарастырылған.

Әлемде ең көп тараған тілдердің қатарына ағылшын тілі мен орыс тілінің жататыны анық. Елбасы өз Жолдауында білім жүйесіне енгізіліп жатқан өзгерістерге баса назар аударып өтті. Осы негізде үштілді оқытуға кезек-кезеімен көшу мәселесі бойынша ұсыныстар әзірлеуге тапсырмалар берді. Көптілді меңгерген, өзін-өзі әлеуметтік және кәсіби билеуге, өздігінен дамуға, жетілуге қабілетті тұлға – келешек қоғам бағдаршысы болатынын атап көрсетті.

Осы негізде енгізілген басты бағдарламалардың бірі - «Үш тілде білім беруді дамытудың 2015-2020 жылдарға арналған жол картасы». Аталған бағдарламаның басты мақсаты 4 пәнді: информатика, физика, химия, биология, жаратылыстану пәндерімен ағылшын тілін кіріктіре отырып, оқушылардың әлемдік деңгейдегі жетістіктерге жетелеу болып табылады.

Кіріктіріле оқытудың басты мақсаты-көпжақтылық қырына аса мән беріледі, пән мазмұнын игеру тіл сабақтарында қолдау табады. Зерделенетін пәндер мазмұны мен тілдік құрылымдар қатар қолданылады. Ғылыми-жаратылыстану пәндері бойынша танымдық әдістерді қолдану кешенді түрде жүзеге асады. Мектеп оқушыларын ғылыми-зерттеушілік әрекетке баулиды. Білім алушылардың информатика, физика, химиябиология пәндерінен жалпы түсініктерін қалыптастыруға ықпал жасай отырып, есептеу, өлшеу, модельдеу,

бақылау, эксперимент жүргізу, сызбалар құрастыру сияқты бала қиялын жетілдіретін білігі мен дағдыларын қалыптастырады.

Тиімді ұйыдастырылған кіріктірілген сабақтардың нәтижесінде оқушылар өздері құрастырған компьютерлік бағдарламаларын ұсына алады, оқушылардың ой-өрісі кеңейеді, шығармашылық мүмкіндіктерін дамытады. Жаратылыстану-математика бағытындағы оқу пәндерінің (информатика, физика, химия, биология) негізгі курстарының бағдарламалық мәселелерін тереңірек түсінулеріне жол ашады. Ғылыми-жаратылыстану бағытындағы пәндері мен ағылшын тілін кіріктіріп оқытудың нәтижесінде оқушыда игерілген білімді күнделікті өмірде қолдана білу мүмкіндігі қалыптасады.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл дамуға бет түзеген мемлекеттердің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі. Себебі жаһандандыру және киберкеңістікке шыққан заман көптілділікті қажет етеді. Осы мақсатта ағылшын тілін білу-қоғам қажеттілігінен туындап отырғаны шынайы шындық. Ағылшын тілі-бүгінгі заманымыздың кілті, әлемдік бизнес тілі, ақпараттық технологияның кілті деуге болады. Әлемдік ғаламдандыру тілі болып танылған ағылшын тілін білу-ағылшын тілді елдермен тиімді байланысқа түскен, әлемдік деңгейде өз орнын ала бастаған қазақстан мемлекеті үшін аса қажеттілік.

Қазақстандықтардың үш тілді еркін меңгеруі туралы идеяны тәжірибеге ендіру негізінде - отандық мектептен бастау жөнінде кең көлемді іс-шаралар жүзеге асырылуда. Мектеп аясында мемлекеттік тілдің қоғамның барлық саласында қызмет етуін қамтамасыз етуге, оның ұлтаралық келісім мен қазақстандық патриотизмді нығайту факторы ретінде рөлін арттыруға, орыс тілінің лингвистік белсенділігін сақтауға және ағылшын тілін ғылыми ақпарат пен жаһандану экономикасына кірігу тілі ретінде енгізуді көздейтін білім реформаларын кезең-кезеңімен көшіру мәселелері жоспарлануда.

Пәнді-тілдік кіріктіріп оқыту ұстанымын қолдану-ағылшын тіліне талаптардың жоғарылауынан пайда болып отырғанын заман талабы екенін

айқындай түседі. Бұл тәсіл бір мезетте екі пәнді бірдей оқытуға мүмкіндік береді, бірақ басты назар тілге де, тілдік емес пәнге де аударылады.

«Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған бағдарламасының басты мақсатының бірі-жалпы білім беру мазмұнын жанартуды ұйымастырудың өзі де тікелей кіріктірілген сабақ үдерістері арқылы шығармашыл тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Сол себепті де білім берудің жаңа технологиялары пайда болуда, олардың бірі-CLIL пәнді-кіріктіріп оқыту технологиясы.

Бұл технологияның басты ұстанымы-шетел тілін басқа пәндерді оқытуда оқудың қажетті құрал ретінде қарастырады. Яғни ғылымға негізделген пәндер шет тілінде өтілуіне басты назар аударыла отырып, оқушының өз ана тілімен қатар шет тілінде де коммуникативтік құзіреттілігі қалыптасады. Сонымен қатар сабақта пәнаралық байланыстар дамытылады. Олардың ғылымаралық беріктігі қаланады. Осының негізінде баланың бойында әлемді тұтастықта қабылдау дағдысы қалыптаса бастайды.

Бұл әдіс оқушының белсенділігін арттыруға, қызығушылығы мен өз бетінше жұмыс істеуге ықпал етеді. Түрлі ғылым салалары бойынша білімді жетілдіруге бағыттайды. Сонымен алынған білімді түрлі салаларда пайдалана алу құзіреттіліктері қалыптасады. Пәндерді кіріктіріп оқытудың басты мақсаттары да келешек қоғамда өз-өзіне қызмет ете алатын, өзін-өзі реттей білетін шығармашыл, интеллект тұлға даярлау. Кіріктіру жүйесі-мектеп пәндерінің сабақтың әр кезеңінде бір-біріне сәйкес келетін және бірін-бірі толықтыратын тақырыптарды тең мөлшерде қарастыруды көздейді. Осыған байланысты оқушылар бұл сабақтардан алған білімдерін біріктіре, жинақтай отырып, бір пәннен алған білімін басқа пәнде қолдана білу білігіне қол жеткізеді. Ал мұндай жақсы нәтиже оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыра түсетіні анық.

Бүгінгі сәт сайын, сағат сайын дамып отырған киберкеңістік заманы осы негізде кіріктірілген сабақтарды енгізу арқылы үдерістен қалмаудың дара жолын анықтап көрсетіп отырғандай. Кіріктірілген сабақтар-өзін-өзі

танытуға, өз ойын білдіруге, мұғалімнің шығармашылығын жүзеге асыруға, оқушылардың қабілеттерін ашуға зор мүмкіндіктер туғызатын озық сабақ үлгілері. Оқушының өзін-өзі бағалауға жетелейтін қайнар көз. Жоғарыда айтылғандардан шығатын қорытынды: пәнді және тілді кіріктірудегі басты нәтиже - оқушылардың ғылыми-жаратылыстану бағыты пәндерінен алған білімдері ғана емес, мақсаты тілді, яғни ағылшын тілін еркін меңгері болып табылады. Елбасы Н.Назарбаев Үш тілде білім беруді дамытудың жол картасын дайындауға тапсырма бергенде «үш тілді білу ойдан шығарылған нәрсе емес, бұл қажеттілік», - деп атап өтті. Еліміздің 20 пайызы ағылшын тілін меңгеріп үлгерген, яғни, үштілділік-бұл-жаһандық өмірге жолдама, бұл жетістік қағидасы. Бұл жетістік адам өмірінің қағидасы», - деп мәлімдеді Н.Назарбаев.

Бағдарламалық құжатта 2015-2020 жылдарға 7 стратегиялық бағыт: заңнамалық базаны құру, үштілде білім беру мәселері бойынша ғылыми қызмет, үштілде білім беруді әдістемелік қамтамасыз ету, мамандарды дайындау және білімдерін жоғарылату, үштілде білім беруді институционалды қолдау, үштілде білім беруді ақпараттық қолдау, сонымен қатар білімді қаржыландыру қарастырылған. Қазіргі таңда көптеген оқытушылар техникалық құралдарды тиімді қолданып, методикалық тұрғыдан саралай алуан түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануда. Оқушылар компьютермен, интернетпен, интербелсенді тақтамен жұмыс жүргізе отырып әлемдік білім кеңістігіне шығуға бет түзеуде. Осы ретте кіріктірілген сабақтардың ықпалы зор екендігі айқындала түсті.

Пайдалынған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (Астана. 2010ж)
2. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру мақаласы».
3. «Қазақстан - 2050 білім беру тұжырымдамасы».
4. ҚР орта білім беру мазмұныны жаңарту аясындағы мұғалімдерге арналған нұсқаулықтары, бағдарламалары («НЗМ» ДББҰ. Педагогикалық шеберлік орталықтары, 2016жыл) .